**"Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 наурызда № 20219 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12880 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2016 жылғы 18 ақпандағы № 32 (28158) жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін, оларға осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілуде.

3. "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 303 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11106 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне (М.Т. Қабденов) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ішкі істер Министрі* *Е. Тургумбаев*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

2020 жылғы 31 наурызы № 275
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 992 бұйрығымен бекітілген

## Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру және оны жою тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтығы жоқ адам - Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам;

2) бұрынғы отандас - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

3) жақын туыстары - ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері;

4) жол жүру құжаты - шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасы таныған, мемлекет немесе халықаралық ұйым берген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін шетелдік паспорты немесе өзге құжаты;

5) Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері) - Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;

6) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі - виза) - осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы жүріп-тұруға, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;

7) көшіп келу - шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі;

8) көшіп келуші - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ;

9) қабылдаушы тұлға - көшіп келушілерді Қазақстан Республикасына уақытша тұру үшін шақыру туралы өтінішхат беретін және (немесе) олардың тұруына орын беретін Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік пен азаматтығы жоқ адам немесе Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға;

10) корпоративішілік ауыстыру - Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;

11) оралман - тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген (келгендер) және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған (алғандар) Қазақстан Республикасы егемендік алған сәтте одан тыс жерге тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;

12) тұрақты тұруға арналған рұқсат - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде көшіп келушілерге ішкі істер органдарымен беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат;

13) уақытша тұруға арналған рұқсат - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және болу мақсатына қарай оларға Қазақстан Республикасының аумағында белгілі бір мерзімге тұру құқығын беретін құжат;

14) шетелдік - өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын адам;

15) этникалық қазақ - шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

16) "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - "Бүркіт" БАЖ) - Қазақстан Республикасына көшіп келушілердің кіруін - шығуын бақылайтын бірыңғай ақпараттық жүйесі;

17) Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ҚКП АЖ) - Ішкі істер министрлігінің ішкі және сыртқы көші-қон процесстер дерекқорын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ "электронды үкімет" шеңберінде құрылып жатқан басқа ақпараттық жүйелермен және базалармен интеграциялық қарым-қатынас процесстерін автоматтандыру бойынша ақпараттық жүйесі.

## 2-тарау. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсаттар беру тәртібі

3. Қазақстан Республикасына уақытша келетін көшіп келушілерге кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларына сәйкес ұзарта отырып, алынатын рұқсаттың санатына қарай бір жыл дейінгі мерзіммен уақытша тұруға рұқсат (бұдан әрі - УТР) беріледі.

4. Қазақстан Республикасында уақытша келген шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Заңның 6-1-бабына сәйкес:

отбасын біріктіру мақсатында өздеріне көшіп келушілер келген Заңның 27-бап 1-тармағында көрсетілген жеке тұлғалардың өтініштерінің;

көшіп келушімен заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек шартын жасасқан жеке және заңды тұлғалардың;

көшіп келушілерді күндізгі оқу бөліміне қабылдаған, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, оның ішінде білім алушыларды алмасудың және дайындық

курстарынан өтудің ұйымдастырылған бағдарламалары бойынша іске асыратын білім беру ұйымдарының;

көшіп келушілер стационарлық емделуде жатқан денсаулық сақтау ұйымдарының;

көшіп келушілер заңнамада белгіленген тәртіппен миссионерлік қызметті жүзеге асыратын діни ұйымдардың;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер (бизнес-көшіп келушілер) бойынша - жергілікті атқарушы органдардың өтініштері негізінде УТР ресімделеді.

5. УТР ресімдеу үшін осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген қабылдаушы адамдар аумақтық полиция органдарына шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға УТР беру туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш-сауалнамамен жүгінеді.

6. Өтініш-сауалнамаға мынадай құжаттар қоса беріледі:

Қазақстан Республикасына келу және болуға визасы бар шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат (визасыз болу туралы келісім ратификацияланған елдердің азаматтары үшін виза қажет емес);

келу мақсатына қарай қосымша:

1) отбасымен бірігу мақсатында:

Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, шақырушы адамның уақытша тұруына рұқсаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

шақыратын адамның және отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

шақырушы адамда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына арналған айына ең төмен күнкөрісінің мөлшерінде әрбір отбасы мүшесін ұстауға ақшаның болуын растау;

шақырушы адамның Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үйдің болуын растау, олардың алаңы отбасының әрбір мүшесіне ең төмен нормативтеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитарлық және өзге де нормаларға сәйкес келуі тиіс;

шақырылатын адамның отбасы мүшелері үшін медициналық сақтандыру;

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің оған уәкілетті мемлекеттік органдары ұсынған шақырушы адаммен отбасылық қарым-қатынасын растайтын құжаттаржың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

кәмелетке толған отбасы мүшелерінің соттылығының болуының не болмауының растайтын құжат.

2) еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында - мынадай құжаттардың біреуі:

жергілікті атқарушы орган берген шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат;

Қазақстан Республикасының халқының көші-қон саласындағы уәкілетті органдары берген шетелдіктің біліктілігіне сәйкестігі туралы анықтама немесе рұқсат;

жеке тұлғаларда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін ішкі істер органдары берген еңбекші көшіп келушіге рұқсат;

ЕАЭО елдерінің азаматтары үшін - еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт;

3) миссионерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында - Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген куәлікті ұсынады.

7. УТР беру туралы өтініш-сауалнама материалдарды толық көлемде ұсынған кезде қарауға қабылданады.

8. УТР беру туралы өтініш-сауалнаманың қарау мерзімі бір жұмыс күнін құрайды.

9. Аумақтық полиция органдарының уәкілетті қызметкері өтініш иесі жүгінген кезде:

1) жиналған құжаттарды қабылдауды және оларды тексеруді;

2) шетелдік және азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту туралы "Бүркіт" БАЖ деректер базасында мәліметтердің бар-жоғына тексеруді;

3) бөлініс басшысымен келісіледің ККП АЖ-да өтінімді қалыптастыру;

4) бөлініс басшысымен қол қойылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша УТР немесе ресімдеуден дәлелдемелі бас тартуды беру.

## 3-тарау. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары

10. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметі көрсету ( бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

11. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға визамен уақытша келетін не Қазақстан Республикасымен келу және болудың визасыз тәртібі туралы келісім жасаған мемлекеттерден келген не Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі бар шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ этникалық қазақтарға берілген визаның санатына қарамастан мемлекеттік қызметті алу үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) беру туралы өтінішхатпен осы Қағидаларға 3-қосымшадағы Мемлекеттік қызмет тізбесіне сәйкес құжаттар пакетін қоса аумақтық полиция органдарына (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) не "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік копорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүгінеді.

12. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылдау туралы не толық құжаттар пакетін ұсынбаған, сондай-ақ

жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттардың қабылдаудан бас тарту туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша талон беріледі.

13. Құжаттардың Мемлекеттік копорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда көзделген тізбеге сәйкес толық емес құжаттар пакетін, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде:

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының біріктірілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ХҚКО АЖ) "Жеке тұлға" мемлекеттік деректер базасында (бұдан әрі - ЖТ МДБ) көрсетілетін қызметті алушыда жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі - ЖСН) бар-жоғына сұрау салуды қалыптастырады;

ЖСН болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерді бекіте отырып, ХҚКО АЖ өтінімді қалыптастырады.

ХҚКО АЖ-дан ККП АЖ-ге өтінім келіп түскеннен кейін не көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

көрсетілетін қызметті беруші:

1) көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметті ККП АЖ-ге енгізеді (мәліметтер болмаған кезде);

2) тұрақты сақтау мерзімімен жекелеген жеке іске қабылданған материалдарды қалыптастырады, олар осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды істерді есепке алу журналында тіркеледі. Журнал бойынша реттік нөмірі біруақытта істің реттік нөмірі болып табылады;

3) күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтағына не қандай да бір мемлекеттің азаматтағына тиесілі екені анықталмаған, жеке басты куәландыратын құжаттарсыз елімізде тұрып жатқан көрсетілетін қызметті алушыларға қатысты жауап алудың толық хаттамасын құрайды, онда көрсетілетін қызметті алушы қашан және қайда туылғаны, оның туу сәтінде ата-аналарының азаматтығы, Қазақстан Республикасына қашан және қандай құжат бойынша келгені, туыстарының қайсысы және қайда тұрғаны, қазіргі уақытта қайда тұратыны, олардың азаматтығы және мән-жайларға қарай басқа да мәселелер көрсетіледі;

ККП АЖ арналары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменттері Көші-қон қызметтері басқармасына (бұдан әрі - ПД КҚҚБ) келісуге есепке алу ісі жолданады;

4) күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде:

банктік мекемеге төлемқабілеттігін растау туралы құжаттардың түпнұсқалығы мәніне сұрау салуды жолдайды;

ішкі істер органдарының есептері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің есептері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

"Бүркіт" БАЖ арналары арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісуге материалдарды жолдайды.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары материалдарды келісуді күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады;

5) күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тексеріс нәтижесі бойынша мүдделі органдардан жауап алғаннан кейін рұқсатты беру туралы не осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты беруден бас тарту туралы дәлелді қорытынды шығарады;

6) күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы не рұқсатты беруден бас тарту туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабарлама көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға жолданады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорациясы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызметі көрсету мерзімінің өтуіне дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсатты беру не оның күшін жою туралы қорытындыны Полиция департаментінің бастығы немесе оның орынбасары, қалалық (аудандық) ішкі істер органдарының бастығы немесе облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының бастығы бекітеді.

16. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

17. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында және Заңының 49-бабында көзделген.

18. Көшіп келуші рұқсатты жою үшін негіз болып табылатын әрекеттерді жасаған кезде бұрын берілген рұқсатты жою туралы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 49-бабына сәйкес қорытындысы шығарылады.

19. Тұрақты тұруға рұқсаттың күшін жою туралы қабылданған шешім туралы көшіп келушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолданады.

20. Рұқсаттың күшін жою шешім қабылданатын көшіп келуші рұқсаттың күшін жою туралы қорытынды бекітілген күннен кейін күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімде елімізден шығып кетуге міндетті.

21. Рұқсаттың күшін жойған кезінде көшіп келушіге шығып кетуді жүзеге асыру үшін қажетті мерзімде уақытша тұруға рұқсат беріледі.

22. Көшіп келуші Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты беруден бас тарту немесе оның күшін жою туралы дәлелді қорытындыны шығарғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш бір жылдан ерте емес бере алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

23. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көші-қон саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

25. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

26. Мемлекеттік корпорация арқылы қызметті көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

27. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

Шетелдіктерге және азаматтығы
жоқ адамдарға Қазақстан
Республикасында уақытша және
тұрақты тұруға рұқсаттар беру
қағидаларына 1-қосымша

Қаланың, облыстың

______________________

Полиция департаменті

______________________

Өтініш иесінің, заңды тұлғаның тегі, аты,

______________________

әкесінің аты (болған жағдайда),

______________________

тұрақты тұратын орын

______________________

(заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның тіркелу мекенжайы)

______________________

телефондар: үй, ұялы

## Шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсатты беру туралы өтініш-сауалнама

Қазақстан Республикасына мақсаттарда_________________________________________

келген мынадай шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адмадарға уақытша тұруға рұқсатты беруді сұраймын

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) ( шақырылатын адамның паспортына сәйкес толтырылады) | Азаматтығы, паспорт №, берген күні және жарамдылық мерзімі | Туған күні мен орны | Азаматтық елі тұрғылықты жерінің мекенжайы және орны | Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жерінің мекенжайы | Қандай мерзімге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

Қабылдаушы тарап туралы мәлімет:

Жеке басты куәландыратын құжат _____________________________________________

20___ жылғы "___" ______ №___________________, ЖСН №____________________

Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік 20___ жылғы "___" ______________ №__________

Өтініш-сауалнамада көрінеу жалған деректер үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

20___ жылғы "___" _________________________ __________________________________

(өтініш иесінің қолы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. 20___ жылғы "___" ________________ _______________

(өтініш иесінің қолы)
Өтініш-сауалнама 20___ жылғы "___" _________________ қабылданды.

_______________________ ___________________________________________________
________

(өтініш-сауалнаманы қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) )

___________________________________________________________________________
________

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларына 2-қосымша

**"ҚҚП АЖ рұқсатының нөмірі" №_________________**

**уақытша тұруға рұқсат**

Т.А.Ә. "латын әріпінде немесе кириллица әріпінде паспорт бойынша тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)"

Паспорт №: "шетелдік паспортының сериясы және нөмірі"

Азаматтық: "шетелдіктің азаматтығы"

Мерзімдері: 20 ___ жылғы "___" _________ бастап 20___ жылғы"___" _______ аралығында

Қазақстан Республикасы келу мақсаты: (отбасымен біреуге, жұмыс, оқу, ем алу, миссионерлер, бизнес-көшіп келушілер)

Қазақстан Республикасында тұратын мекенжайы: мекенжайы толық

Қабылдаушы қарап: заңды тұлғаны атауы немесе жеке тұлғаның ТАӘ (ол болған жағдайда)

Рұқсат берген орган: полиция бөлінісінің атауы

Берген күні: 20 ___ жылғы "___" _________

Жауапты қызметкер:

QR-код ҚҰЖАТ ҰЛТТЫҚ ПАСПОРТТЫ КӨРСЕТКЕН КЕЗДЕ ЖАРАМДЫ

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларына 3-қосымша

| "Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Аумақтық полиция бөліністері |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші;<br>2) Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1. қажетті құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күні;<br>2. он сегіз жасқа толмаған не Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу немесе жоғалтуды ресімдеген көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының аумағында басқа елдердің шетелдік мекемелері арқылы жүгінген кезде - күнтізбелік 10 (он) күн. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Қағаз |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. |
| | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00 ден 14.30 сағатқа дейін, демалыс - сенбі, жексенбі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мереке күндері.<br>Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижелерін беру сағат 09.00-ден бастап 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.<br>2) Мемлекеттік корпорация - дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, түскі асқа үзіліссіз, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда.<br>Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жылдамдатылған қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібінде жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Министрліктің интернет-ресурсында - www.mvd.gov.kz "Министрлік туралы" бөлімінде, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөліністерінің веб-ресурстары" кіші бөлімінде;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында - www.gov4c.kz |
| | | Көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация арқылы рұқсатты беру туралы өтінішхат беру кезінде:<br>1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты беру туралы өтініш-сауалнама; |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | 2) көрсетілетін қызметті алушының ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін), олардың жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен астам болуы тиіс;<br>бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың жеке басын растайтын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін);<br>3) оның азаматтығы бар немесе тұрақты тұратын мемлекетінің жазбаша келісімі, ол кету парағы не шетелге тұрақты тұруға арналған рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде жүруі мүмкін (босқындар деп танылған немесе Қазақстан Республикасында пана ұсынылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды және егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қытай Халық Республикасынан келетін этникалық қазақтарды қоспағанда);<br>4) өтінішхат берушінің қолтаңбасымен қазақ немесе орыс тіліндегі өмірбаян;<br>5) этникалық қазақтарды, бұрынғы отандастарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар негізінде жеңілдетілген тәртіпте Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, "Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 қаулысына сәйкес өзінің төлем қабілеттілігін растау туралы құжат;<br>6) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы ( соттылығының болмауы) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер өзге халықаралық шарттарда көзделмесе);<br>7) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға 14-тен 18 жасқа дейінгі баланың нотариалды куәландырылған келісімі;<br>8) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке және заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған шарт не нотариалды куәландырылған келісім;<br>9) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 24 қазанда № 7274 болып тіркелді) сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы;<br>10) мөлшері 35х45 мм бір фотосурет;<br>11) тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығының болмауы және тоқтатылуы туралы анықтама (туу фактісін анықтаған не басқа мемлекеттік аумағында оның тұруы анықталған жағдайда жеке басты куәләгә жоқ көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде).<br>5), 6), 9) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың жарамдылық мерзімі күнтізбелік 180 күннен аспауы тиіс.<br>1974 жылғы үлгідегі паспорты бар Қазақстан Республикасының аумағында тұратын не азаматтығы Қазақстан Республикасынына азаматтығына не қандай да бір мемлекеттің азаматтығына тиесілілігін ішкі істер органдары анықтамаған көрсетілетін қызметті алушылар тұруын не Қазақстан Республикасының аумағында тіркелгенін растайтын қосымша құжат ұсынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1974 жылғы үлгідегі паспорты бар не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұрып жатқан адамдарға қатысты қажетті іс-шараларды өткізгеннен және Қазақстан Республикасының аумағында тұруын не тіркелуін растағаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтығы жоқ адам деп тану туралы қорытынды шығарады.<br>Заңды өкілі (ата-анасы, қамқоршысы, қорғаншысы) Қазақстан Республикасының азаматы не Қазақстан Республикасына тұрақты тұратын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын он сегіз жасқа толмаған көрсетілетін қызметті алушы 1), 2), 7), 8), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ нотариалды куәландырылған өтініш - екінші ата-ананың келісімін, егер ол Қазақстан Республикасынан тыс жер тұрған жағдайда ұсынады.<br>Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркеуі бар, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды ресімдеген не Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушы 1), 2), 4), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.<br>Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ немесе орыс тіліне аударылуға жатады.<br>Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңының 80-бабына сәйкес бір тілден басқа тілге аударманың түпнұсқалығын нотариус куәландырады.<br>Шет мемлекеттер билігінің қатысуымен жасалған немесе осы биліктен шыққан құжаттар және актілер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен өзге көзделмесе "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығының 60-тармағына сәйкес заңдастыру болған кезде қарауға қабылданады. |
| | | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:<br>"Мемлекеттік қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.)<br>"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабына сәйкес мынадай көрсетілетін қызметті алушыларға:<br>1) заңсыз келген, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалауға ұшыраған;<br>2) сотталғанға дейін тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған;<br>3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған;<br>4) этникалық қазақтарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туылған немесе бұрын оның азаматы болған бұрынғы отандастарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз | негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және мөлшерлерде өзінің төлем қабілеттілігін растауды бермеген;<br>5) Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет бұзған;<br>6) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыртқан;<br>7) іс-әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған;<br>8) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырған;<br>9) қылмысы үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар;<br>10) ұлттық қауіпсіздік органдарында олардың экстремизмге немесе террористік іс-әрекетке қатыстылығы туралы мәліметтер болған кезде;<br>11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы қолдаухатпен өтініш жасаған кезде жалған құжаттарды ұсынған не өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде дәлелді себепсіз ұсынбаған;<br>12) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты берген кезге дейін бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген;<br>13) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;<br>14) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға рұқсат алған және тұрақты тұруға рұқсат берілген күннен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен аз тұрып жатқан;<br>15) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 421-V Заңымен алып тасталды (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);<br>16) Қазақстан Республикасының азаматтарымен некелескен, осы некесі тұруға ықтиярхат алу үшін негіз болған, егер бұл неке заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылса;<br>17) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны, салық салу және еңбек заңнамасы саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;<br>18) ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіретін;<br>19) Қазақстан Республикасына келуге қарсы айғақ болып табылатын аурулары бар ;<br>20) егер бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;<br>21) егер бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса. көшіп келушілерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсат беруден бас тартылады не бұрын берілген рұқсаттың күші жойылады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысандағы және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін | Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар;<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары www.mvd.gov.kz интернет ресурсында, "Мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | қызметтер" бөлімінде көрсетілген, Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777. |

Шетелдіктерге және азаматтығы
жоқ адамдарға Қазақстан
Республикасында уақытша және
тұрақты тұруға рұқсаттар беру
қағидаларына 4-қосымша

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ - САУАЛНАМА

____________________________________________________________________________________________

(ішкі істер органының (ПД, ҚАПБ(б), ӨҚАПБ(б)) атауы)

Тіркеу нөмірі ___________________________________________________________________

(уәкілетті лауазымды адам толтырады)

Фотосуреттің орны

(35 х 45 мм)

Маған және/немесе менің қамқорлығымдағы тұлғаға (қажет емесі сызылсын) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруді сұраймын.

20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____ дейін

